"Сбербанк России" Акционерлік қоғамы Еншілес банкіндегі (Ақсай қаласындағы филиалы) есеп айырысу шоты KZ33914398415BC03277, БСК SABRKZKA, БСН 921 040 000 053, КБе 17

6. Эмитент қызметінің түрлері

- мұнай өнімдерін өндіру,
- көмірсутек шикізатының қорларын геологиялық барлау, кен орындарында мұнай, газ конденсатын және басқа көмірсутек шикізатын өндіру, қайта өңдеу, мұнай-газ өнімдерін сақтау, тасымалдау және сату,
- көмірсутек шикізатын қайта өңдеу және электр энергиясын өндіру жөніндегі қондырғыларды жобалау, дайындау, құрылысын салу және іске пайдалану,
- халық тұтынатын тауарларды өндіру,
- улуғ халыққа және заңды тұлғаларға қызметтер көрсету,
- өнеркәсіптік өндіріс тауарларымен бөлшек және көтерме сауда,
- адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсету,
- сыртқы экономикалық, коммерциялық және сауда-делдалдық қызмет,
- Қоғам қызметінің мақсаттарына сай келетін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің басқа да түрлері.

7. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы рейтинг агенттіктерінің тағайындаған рейтингтері туралы мәліметтер.

Рейтинг агенттіктерінің атауы	Баға белгілеу кезеңі	Рейтингтік бағалау деңгейі (Эмитенттің кредиттік рейтингі)
"Сарапшы РА Қазақстан" рейтинг агенттігі (Қазақстан Республикасы)	Желтоқсан 2013 жыл	A+
"FitchRatings" Халықаралық рейтинг агенттігі	Желтоқсан 2013 жыл	B-

8. Эмитенттің бүкіл филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және почталық мекенжайлары

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

9. Эмитенттің соңғы аяқталған үш қаржылық жыл үшін қаржы есептілігіне аудитті жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдар туралы мәліметтер

Қаржы есептілігіне аудит жүргізілген (жүргізілетін) кезең	Қаржы есептілігіне аудитті жүзеге асырған (жүзеге асыратын) ұйым	Аудитор туралы мәліметтер
2011 жыл	"Эрнст энд Янг" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Өл-Фараби даңғылы, 77/7, Есентай Тауэр,	Аудитор Турмагамбетова Гульмира Қуанышевна

	+7 (727) 258-59-60)	
2012 жыл	"Делойт» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 36, +7(727) 258-13-40)	Білікті аудитор Қуатбеков Даулет Пернебаевич
2013 жыл	"Делойт" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 36, +7(727) 258-13-40)	Білікті аудитор Қуатбеков Даулет Пернебаевич

"Эрнст энд Янг" ЖШС Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады.

"Делойт" ЖШС келесі қауымдастықтардың мүшесі болып табылады: Қазақстандағы Американдық сауда палатасы, Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы, Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы, Қазақстанның Еуропалық Бизнес Қауымдастығы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласы Өңірлік Қаржы Орталығын дамыту жөніндегі комитеті, Ресей мен Еуразиядағы Канаданың іскерлік қауымдастығы.

"Эрнст энд Янг" ЖШС-мен шарт 2011 жыл үшін қаржы есептілігіне аудит жүргізу үшін жасалды, ал ол лайықты орындалуымен аяқталды.

Проспектіні уәкілетті органға тапсырудың алдындағы үш жылдың ішінде тиісті қызметтерді көрсетуге шарттар жасалған заңгерлік және қаржылық мәселелер бойынша консультанттар туралы мәліметтер

Қаржылық қызметтерді көрсету туралы 2014 жылғы 06 ақпандағы №01/1-02-14 келісімге сәйкес облигацияларды шығару бойынша эмитенттің қаржылық консультанты "БТА Банк" акционерлік қоғамының "БТА Секьюритис" еншілес ұйымы" Акционерлік қоғамы болып табылады.

10. Эмитенттің корпорациялық басқару кодексін қабылдау күні

Эмитенттің корпоративтік басқару кодексі эмитенттің акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен 2006 жылғы 14 қарашада бекітілді.

II. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

11. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы

Эмитенттің органдары болып табылатындар:

жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;

басқару органы – Директорлар кеңесі;

атқарушы органы – Бас директор.

Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреті:

- 1) эмитент жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) эмитентті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) эмитенттің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе эмитенттің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) эмитенттің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

- 6) эмитенттің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) эмитенттің Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) эмитенттің қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) мынадай жағдайлар басталған кезде:
 - өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер эмитенттің өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
 - егер эмитент Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер эмитентте оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, эмитенттің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) эмитент акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) эмитентке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы эмитенттің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай акпаратты бұқаралық акпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 17) эмитент акцияларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін, әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
- 18) акционерлердің жалпы жиналысының құн тәртібін бекіту;
- 19) акционерлерге эмитент қызметі туралы акпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, бұқаралық акпарат құралын анықтау;
- 20) "алтын акцияны" енгізу және оның құшін жою;
- 21) шешім қабылдау заңнамада және эмитенттің жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті

- 1) эмитент қызметінің басым бағыттарын және эмитенттің даму стратегиясын айқындау, эмитенттің даму жоспарын бекіту определение;

- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) эмитенттің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) эмитенттің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) есепті қаржылық жыл үшін эмитенттің таза табысын бөлудің тәртібін алдын ала бекіту, эмитенттің бір жай акциясына шаққанда дивидендтің мөлшерін алдын ала анықтау;
- 8) эмитенттің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 9) атқарушы органды сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оған еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 11) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 13) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ эмитенттің акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 14) эмитенттің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған эмитент қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және эмитенттің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 15) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 16) эмитенттің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
- 17) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы эмитентке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 18) эмитенттің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
- 19) эмитент немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

- 20) ірі мәмілелер және жасалуына эмитент мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 21) эмитенттің құрылымын, штаттық кестесін, эмитент қызметкерлерінің еңбекақы жүйесін, эмитенттің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;
- 22) атқарушы органның эмитенттің жарғысында ескертілмеген өкілеттіктерін айқындау, оларды өзгерту және толықтыру;
- 23) кезекті қаржылық жылға эмитенттің өндірістік-шаруашылық қызметінің жоспарларын бекіту;
- 24) үшінші тұлғалармен қатынастарда өз құзыретінің шектерінде эмитенттің мүдделеріне өкілдік ету;
- 25) эмитенттің аффилиирленген тұлғаларының тізілімін жүргізу;
- 26) эмитенттің есеп саясатын бекіту;
- 27)) осы Занда және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Бас директор келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда эмитенттің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен және шектерде эмитенттің атынан және мүдделері үшін мәмілелер жасайды;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда эмитенттің атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) эмитент қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, эмитенттің штат кестесіне сәйкес эмитент қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, эмитент қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 5) банктерде эмитенттің есеп айырысу және басқа шоттарын ашады;
- 6) эмитент қызметінің ағымдағы және перспективалы бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 7) эмитенттің құрылымының, штаттық кестесінің, эмитент қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің, ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындауды және оларды Директор кеңесінің бекітуіне беруді қамтамасыз етеді;
- 8) акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесінің шешімдерінде, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бас директордың құзыретіне эмитенттің акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын эмитент қызметінің барлық мәселелері жатқызылады.

12. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жылда және қазіргі уақытта, соның ішінде қоса атқару бойынша атқарған лауазымдары. Лауазымға кіріскен күні	Эмитенттің жарғылық капиталына қатысуы	Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарының
--------	------------	---	--	---

				ң жарғылық капиталына қатысуы
Джунусов Валерий Кинжеғалиевич	24.01.1950	05.11.2001 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, Директорлар кеңесінің Төрағасы. Лауазымға 2001 жылғы 05 қарашада кірісті.	10,12%	-
Дубровин Вадим Сергеевич	11.02.1946	17.04.2001 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, Директорлар кеңесінің Мүшесі. Лауазымға 2001 жылғы 17 сәуірде кірісті.	1,96%	-
Гуттенлохер Бернғардт Гербертович	10.09.1941	17.04.2001 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, Директорлар кеңесінің Мүшесі. Лауазымға 2001 жылғы 17 сәуірде кірісті.	1,02%	-
Джунусова Наталья Александровна	20.02.1950	14.11.2006 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, Директорлар кеңесінің Мүшесі. Лауазымға 2006 жылғы 14 қарашада кірісті.	2,76%	
Джунусов Эдуард Валерьевич	29.06.1976	2007 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: АНК Сервисез Лтд., бас инженер; 19.05.2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымын қоса атқарады. Лауазымға 2009 жылғы 19 мамырда кірісті.	0%	-
Бахтиозин Фарид Наильевич	24.04.1974	24.04.2008 ж. бастап 25.07.2012 ж. дейін: "Конденсат" АҚ, Бас директор; 14.06.2012 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, Директорлар кеңесінің Мүшесі (14.06.2012 ж. бастап 25.07.2012 ж. кезеңінде Директорлар кеңесі Мүшесінің лауазымын Бас директордың лауазымымен қоса атқарды). Лауазымға 2012 жылғы 14 маусымда кірісті.	0,11%	-
Кенесов Мурат Рахметоллаевич	10.11.1955	20.05.2004 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Восточный" қоғамдық муниципалдық округының кеңесі" қоғамдық бірлестігі, Басқарма Төрағасы (02.08.2005 ж. бері "Конденсат" АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры лауазымын қоса атқарады); 28.12.2009 ж. бастап 26.08.2011 ж. дейін: "Конденсат – Келешек"	0,03%	-

		қоғамдық бірлестігі, директордың м.а. лауазымын қоса атқарды; 02.08.2005 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, тәуелсіз директор. Лауазымға 2005 жылғы 02 тамызда кірісті.		
Макеева Валентина Павловна	16.12.1957	06.12.2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, тәуелсіз директор. Лауазымға 2011 жылғы 06 желтоқсанда кірісті.	0%	-
Истомина Тамара Алексеевна	15.02.1954	15.06.2010 ж. бастап 14.02.2012 ж. дейін: "Истомина Т. А. " ЖҚ; 15.05.2012 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: жұмыс істемейді; 31.03.2014 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, тәуелсіз директор	0%	-

Алдыңғы екі жылдың ішінде Директорлар кеңесінің құрамында болған өзгерістер:

2012 жылғы 14 маусым: Директорлар кеңесінің мүшелерінің алдыңғы өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты эмитенттің Жылдық жалпы жиналысы Директорлар кеңесін келесі құрамда сайлады: Джунусов В.К., Гуттенлохер Б.Г., Дубровин В.С., Джунусова Н.А., Джунусов Э.В., Бахтиозин Ф.Н., Кенесов М.Р. (тәуелсіз директор), Кузнецов А.Н. (тәуелсіз директор), Макеева В.П. (тәуелсіз директор).

2012 жылғы 11 қазан: тәуелсіз директор А. Н. Кузнецовтың қайтыс болуы себебі бойынша өкілеттігінің тоқтатылуына байланысты эмитенттің акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысы тәуелсіз директор ретінде А.Б. Коровинді сайлады.

2013 жылғы 05 желтоқсан: қайтыс болу себебі бойынша А. Б. Коровин эмитенттің Директорлар кеңесінің құрамынан шығарылды.

2014 жылғы 31 наурыз: Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде А.Б. Коровинді сайлады.

13. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері

Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері жоқ.

14. Эмитенттің ішкі аудит қызметі

Эмитенттің ішкі аудит қызметі жоқ.

15. Эмитенттің атқарушы органы (Бас директор)

Бас директордың Т.А.Ә.: Абзалилов Алхат Зиннатович.

Туған күні: 1961 жылғы 02 ақпана.

Соңғы үш жылдың ішінде және қазіргі уақытта, соның ішінде қоса атқару бойынша атқаратын лауазымдары: 14.11.2005 ж. бастап 05.11.2012 ж. дейін: "Ақсайғазпромэнерго" Акционерлік қоғамы, Бас директор;

06.11.2012 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін: "Конденсат" АҚ, Бас директор.

Лауазымға кіріске күні: 2012 жылғы 06 қараша.

Өкілеттіктері:

- акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Қоғамның атынан және мүдделері үшін мәмілелерді Директорлар кеңесі, ҚР заңнамасы белгілеген тәртіпте және шектерде жасасады;
- Қоғамның үшінші тұлғалармен қатынастарында өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
- Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- банктерде Қоғамның есеп айырысу және басқа шоттарын ашады;
- Қоғам қызметінің ағымдағы және келешекті бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- қоғамның құрылымының, штаттық кестесінің, Қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің, ішкі нормативтік құжаттардың дайындалуын және Директорлар кеңесінің бекітуіне берілуін қамтамасыз етеді;
- акционерлерінің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімдерінде, ҚР заңнамасының талаптарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Эмитенттің төленген жарғылық капиталына және/немесе еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу: эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталындағы акцияларға және/немесе үлестерге иелік етпейді.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және эмитенттің басқа басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақы.

Атауы	Облигациялар шығару туралы шешім қабылдау күнінің алдындағы соңғы үш ай үшін сыйақының жалпы мөлшері (01.01.2014 – 31.03.2014)	Облигациялар шығару туралы шешім қабылдау күнінің алдындағы соңғы он екі айдың ішінде төленуге жататын сыйақының жоспарланатын жалпы мөлшері (01.04.2014 – 31.03.2015)
Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақының сомасы	19 872 мың теңге	95 700 мың теңге
Атқарушы органға төленетін сыйақының сомасы	2 284 мың теңге	10 550 мың теңге
Жиыны:	22 156 мың теңге	106 250 мың теңге

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы

Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері

"Конденсат" АҚ басқару құрылымы

```

graph TD
    A[Жалпы жиналыс] --> B[Директорлар кеңесі]
    B --> C[Бас директор]
    B --> D[«5-ші экологиялық кластағы мотор отынын өндіру үшін ШТҚ құрылысының екінші кезегі» жобасының дирекциясы]
    B --> E[Корпоративтік хатшы]
    B --> F[Директорлар кеңесі аппаратының басшысы]
    F --> G[Директорлар кеңесінің аппараты]
    C --> H[Бас инженер]
    C --> I[Кадрлар және әлеуметтік мәселелер бөлімі]
    C --> J[Қаржы директоры – бас бухгалтер]
    C --> K[Маркетинг жөніндегі департамент]
    H --> L[Жабдықтарды ұстау және жөндеу бөлімі]
    H --> M[Техникалық бөлім]
    H --> N[Техникалық химиялық зертхана]
    H --> O[Автоматтандыру, басқару жүйесі және метрология бөлімі]
    H --> P[ЕҚ және ҚТ, және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша бақылау тобы]
    H --> Q[Көлік бөлімі]
    H --> R[ШТҚ кешенінің бастығы]
    R --> S[ШТҚ персоналы]
    R --> T[Мұнай базасы персоналы]
    I --> U[Асхана]
    I --> V[Шаруашылық қызметі]
    I --> W[ФОК персоналы]
    J --> X[Бухгалтерия]
    J --> Y[Жоспарлау-экономика бөлімі]
    K --> Z[Жабдықтау бөлімі]
    K --> AA[Шикізат жеткізу және өнімдер өткізу бөлімі]
    C --> AB[Күзет қызметі]
    C --> AC[Ақпараттық технологиялар және телекоммуникация бөлімі]
    C --> AD[Негізгі құралдарды күрделі жөндеу және ұстау бөлімі]
    C --> AE[Заң кеңесшісі]
  
```


Жабдықтау бөлімі, бастық	Кобелева Полина Викторовна
ШТҚ кешені (отын өндіру жөніндегі шағын тонналы қондырғы) , ШТҚ кешенінің бастығы	Гадельшиев Руслан Рахимбердиевич
ШТҚ (отын өндіру жөніндегі шағын тонналы қондырғы), бастық	Аминов Руслан Косаенович
Мұнай базасы, бастық	Байкатов Серик Орынғалиевич
Жабдықтарды ұстау және жөндеу бөлімі, бастық	Сумкин Дмитрий Михайлович
Техникалық бөлім, бастық	Актаубаев Тулеген Каирғалиевич
Техникалық химиялық зертхана, бастық	Ромашкова Татьяна Андреевна
Автоматтандыру, басқару жүйесі және метрологи бөлімі, бастық	Чалкин Алексей Леонидович
ЕҚ және ҚТ, және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша бақылау тобы, басшы	Тажекаенов Амангельды
Көлік бөлімі, бастық	Шелихов Владимир Васильевич
Бухгалтерия, қаржы директоры - бас бухгалтер	Садретдинов Тимур Шамильевич
Жоспарлау-экономикалық бөлімі, бастық	Стахурская Нина Васильевна
Кадрлар және әлеуметтік мәселелер бөлімі, бастық	Кудайбергенова Манчук Алибековна
Асхана, меңгеруші	Барабаш Валентина Владимировна
Шаруашылық қызметі, шаруашылық меңгерушісі	Ахмирова Ирина Ивановна
Күзет қызметі, күзет бастығы	Хасанов Серик Каиржанович
Ақпараттық технологиялар және телекоммуникация бөлімі, бастық	Опря Петр Вячеславович
Негізгі құралдарды күрделі жөндеу және ұстау бөлімі, инженер	Какойло Александр Григорьевич
Заң кеңесшісі	Куянова Фарида Салаватовна
"5-ші экологиялық кластағы мотор отынын өндіру үшін ШТҚ құрылысының екінші кезегі" жобасының дирекциясы, жоба директоры	Маючий Александр Федорович

III. ЭМИТЕНТТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ

18. Эмитенттің акционерлері

Эмитент акционерлерінің жалпы саны 181 тұлғаны құрайды, соның ішінде 12 заңды тұлғалар және 169 жеке тұлғалар бар.

Эмитенттің үлестерінің (орналастырылған және дауыс беруші акцияларының) он және одан көп пайызына иелік ететін акционерлер туралы ақпарат

Акционер туралы мәліметтер	Акционерге тиесілі акциялар саны	Орналасырылған акциялардың жалпы санына пайыздық қатынасы	Орналасқан жері
"Премиум" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (компанияның қысқартылған атауы жоқ). Эмитент акционерінің ірі қатысушылары: Джунусов Валерий Кинжегалиевич – 50%; Джунусова Наталья Александровна – 50%	489 440	10,64%	Қазақстан Республикасы, 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Д. Нұрпейісова көшесі, 15/1
"КОНДЕНСАТ – ХОЛДИНГ Ltd" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Эмитент акционерінің ірі қатысушылары: Джунусов Валерий Кинжегалиевич – 42%; Джунусова Наталья Александровна – 42%	841 232	18,29%	Қазақстан Республикасы, 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Д. Нұрпейісова көшесі, 15/1
Джунусов Валерий Кинжегалиевич	465 477	10,12%	Қазақстан Республикасы, Орал қаласы

Эмитенттің акционерлері болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитенттің қызметін бақылау құқығына иелік ететін тұлғалар туралы мәліметтер

Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитентті бақылау құқығына иелік ететін тұлғалар жоқ.

19. Жарғылық капиталында эмитент акциялардың (үлестердің) он және одан астам пайызына иелік ететін заңды тұлғалар туралы мәліметтер

Эмитент өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатыспайды.

20. Эмитент қатысатын онеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

Эмитент "Конденсат" компаниялар тобы" қауымдастығының қатысушысы болып табылады (Бірлескен қызмет туралы 2002 жылғы 09 қаңтардағы Бас шарттың негізінде).

21. Эмитенттің басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер

Эмитенттің аффилиирленген тұлғалары – заңды тұлғалар

Толық атауы	Қызмет түрі	Орналасқан жері	Бастының Т.А.Ә. (Заңның 64-бабы 3-тармағының негізінде аффилиирленген болып танылады)	Аффилиирленгендікті тану үшін негіздеме
"Конденсат-Холдинг Ltd" Жауапкершілігі	Мұнай нарығын маркетингтік зерттеулер, келешекті жобаларды	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Курмангалиева Елена Николаевна	Заңның 64-бабының 1,5,9-тармақтары

шектеулі серіктестігі	техникалық-экономикалық негіздеуді, қаржыландыруды, жобалауды, инжинирингін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсету			
"Жаикбуройл" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Мұнай және ғаз кен орындарын іздеу және барлау	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Барабаш Светлана Муратовна	Заңның 64-бабының 5-тармағы
"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бұрғылау және мұнай жабдықтарын күрделі жөндеуді жүргізу, жалпы өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерді жобалау, жобаны басқару, құрылысты басқару, құрылыс-монтаж жұмыстары және объектііі іске қосу	Орал қ., Әзірбайжан көшесі, 15	Дронов Владислав Александрович	Заңның 64-бабының 5-тармағы
"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Азық-түліктік және өнеркәсіптік тауарлармен, соның ішінде мұнай өнімдерін сатып алумен және сатумен байланысты саудалық, сауда-делдалдық операцияларды жүзеге асыру, жылжымайтын мүлікті басқару жөніндегі қызметтер көрсету.	Орал қ., Ескалиев көшесі, 177	Банникова Ирина Николаевна	Заңның 64-бабының 5-тармағы
"Вектор" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Мұнай, ғаз және оларды қайта өңдеу өнімдерін сатып алу, сату	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Галиметденова Дина Ерсейтовна	Заңның 64-бабының 5-тармағы
"Эко Дизайн Инжиниринг" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ақпараттық-талдамалық қамсыздандыру жөніндегі қызметтер көрсету	Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 68-үй, 8-пәтер	Трифоненко Роман Викторович	Заңның 64-бабының 5-тармағы
"Конденсат-Келешек" қоғамдық бірлестігі	Дене шынықтыру-сауықтыру шараларын ұйымдастыру және өткізу, әлеуметтік көмек көрсету	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Балыков Бекет Айткалиевич	Заңның 64-бабының 4-тармағы
"BatysInvestEnergy" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қаржы-инвестициялық қызмет	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Баскеева Эльмира Булатовна	Заңның 64-бабының 5-тармағы
"Инвест-Холдинг" Жауапкершілігі шектеулі	Құқықтық және қаржылық қызметтер көрсету	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Баскеева Эльмира Булатовна	Заңның 64-бабының 5-тармағы

серіктестігі				
"Премиум" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Кәсіпорындар мен азаматтарға тауарлар өндіру және сату, жұмыстар орындау және қызметтер көрсету	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Феклистова Валентина Степановна	Заңның 64-бабының 1,5,9-тармақтары
"Ақсайэнерго" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Электр энергиясын сату	БҚО, Ақсай қ., 5-ші ы/а, 8-үй	Денисова Тамара Викторовна	Заңның 64-бабының 5- тармағы
"Жаик-Холдинг" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Мұнай нарығын маркетингтік зерттеу және осының негізінде қызметтер көрсету, техникалық- экономикалық негіздемеі, қаржыландыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсету	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Опря Петр Вячеславович	Заңның 64-бабының 5- тармағы
"Батыс Бизнес Финанс" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қаржы-инвестициялық қызмет	Орал қ., Мұхит көшесі, 78	Джакупов Жаслан Кабибуллинович	Заңның 64-бабының 9- тармағы
"НС Лимитед" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шикі мұнаймен және ілеспе ғазбен көтерме сауда	Орал қ., Нұрпейісова көшесі, 15/1	Феклистова Валентина Степановна	Заңның 64-бабының 9- тармағы

Эмитенттің аффилирленген тұлғалары – жеке тұлғалар

Эмитенттің лауазымды тұлғасының Т.А.Ө.	Лауазымды тұлғалармен жақын туыстықта тұрған тұлғалар: ата-анасы, зайыбы, апа-сіндісі, аға-інісі, ұлы, қызы (Т.А.Ө.)	Эмитенттің аффилирленген тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен сүйек жақындығы (күйеуінің (әйелінің) аға-інісі, апа-сіндісі, ата-анасы, ұлы немесе қызы)
Джунусов В.К.	Джунусова Наталья Александровна - әйелі Джунусов Лев Кинжеғалиевич - ағасы Траисова Нина Кинжеғалиевна - қарындасы Джунусов Эдуард Валерьевич - ұлы Джунусова Татьяна Валерьевна - қызы	Поносова Светлана Александровна – әйелінің сіндісі
Джунусова Н.А.	Джунусов Валерий Кинжеғалиевич – күйеуі Поносова Светлана Александровна – сіндісі Джунусов Эдуард Валерьевич - ұлы Джунусова Татьяна Валерьевна - қызы	Джунусов Лев Кинжеғалиевич – күйеуінің ағасы Траисова Нина Кинжеғалиевна – күйеуінің қарындасы
Джунусов Э.В.	Джунусова Наталья Александровна - анасы Джунусов Валерий Кинжеғалиевич – әкесі Джунусова Татьяна Валерьевна - апасы	-

Гуттенлохер Б.Г.	Гуттенлохер Ольга Павловна – әйелі	-
Дубровин В.С.	Дубровина Валентина Федоровна – әйелі	-
Бахтиозин Ф.Н.	Бахтиозина Райса Абдуловна – анасы Бахтиозина Дияра Оралтаевна – әйелі	-
Абзалилов А.З.	Абзалилова Суфия Аглиулеевна - әйелі	-

22. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен мәмілелер

Мәміленің жасалған күні	Заңды тұлғаның атауы	Орналасқан жері	Мәміле сомасы	Мәміле туралы шешім қабылдаған орган
04.01.2013ж.	"Конденсат-Холдинг Ltd" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Д.Нұрпейісова көшесі, 15/1-үй	9 880 452 тенге	Директорлар кеңесі
15.01.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	4 144 000 тенге	Директорлар кеңесі
25.01.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	1 420 800 тенге	Директорлар кеңесі
19.04.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	6 384 010 тенге	Директорлар кеңесі
05.04.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	жок	Директорлар кеңесі
23.04.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	6 048 000 тенге	Директорлар кеңесі
23.04.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	6 994 000 тенге	Директорлар кеңесі
19.04.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	6 384 010 тенге	Директорлар кеңесі
27.05.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	102 130 тенге	Директорлар кеңесі
29.05.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	8 633 493,84 тенге	Директорлар кеңесі
14.06.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	10 000 тенге	Директорлар кеңесі
11.06.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі"	Орал қаласы,	290 000 тенге	Директорлар

	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Свободная көшесі, 35/1		кеңесі
27.06.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	158 885 теңге	Директорлар кеңесі
30.07.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	40 320 000 теңге	Директорлар кеңесі
29.07.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	4 704 010 теңге	Директорлар кеңесі
02.09.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	8 209 500 теңге	Директорлар кеңесі
12.11.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	4 802 030 теңге	Директорлар кеңесі
17.10.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	97 026 теңге	Директорлар кеңесі
17.10.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	148 360 теңге	Директорлар кеңесі
25.11.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	1 893 700 теңге	Директорлар кеңесі
18.11.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	90 526 теңге	Директорлар кеңесі
18.11.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	45 263 теңге	Директорлар кеңесі
19.12.2013ж.	"ИНТЕК-ОНМР" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Зачаганск кенті, Өзірбайжан көшесі, 15-үй	266 582 теңге	Директорлар кеңесі
13.12.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	43 168 162 теңге	Директорлар кеңесі
18.12.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	104 900 теңге	Директорлар кеңесі
18.12.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	150 150 теңге	Директорлар кеңесі
30.12.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	104 900 теңге	Директорлар кеңесі

31.12.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	456 000 теңге	Директорлар кеңесі
31.12.2013ж.	"Нафта" Сауда үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Свободная көшесі, 35/1	2 371 200 теңге	Директорлар кеңесі

IV. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

23. Эмитент қызметінің жалпы үрдістерінің, соның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаты

Эмитенттің қызметінің негізгі түрлері шағын тонналы зауытта (МТУ-600) көмірсутек шикізатын қайта өңдеу және отынның әралуан түрлерін өндіру болып табылады. Өндірілетін өнімдердің ассортименті және өндіріс көлемі мұнай өнімдері нарығында кәсіпорынның өнімдеріне қалыптасатын сұранысқа байланысты болады. Қазіргі уақытта кәсіпорын келесі өнімдерді шығаруды және сатуды жолға қойды:

- ауыр дистиллятты сұйық отын (СТ АҚ 15336125-07-2009),
- газойлдық тік айырылатын фракция (СТ АҚ 15336125-03-2009),
- нафта тік айырылатын (СТ АҚ 15336125-04-2009),
- атмосфералық айыру қалдығы (СТ АҚ 921040000053-11-2010).

Өндірістік процесте Ақсай қаласындағы мұнай базасы және шикізатты ауыстырып тиеу базасы және диаметрі 159 мм және ұзындығы 32 километр болатын екі құбырлы мұнай өнімінің құбыры пайдаланылады, ол аталған базалар мен МТУ-600 байланыстырады.

Ақсай мұнай базасы қабылдауды, құйып алуды, құюды, өнімдерді теміржол және автомобиль көлігімен босатуды жүзеге асырады. Құю эстакадаларының қуаттылығы тәулігіне 2000 тоннаға дейін өнімдерді жүктеуге мүмкіндік береді.

Шығарылатын өнімдерді сату жөніндегі коммерциялық қызмет: шикізат жеткізуге және дайын өнімдерді сатуға ұзақ мерзімді сауда келісімшарттарының болуы кәсіпорынның коммерциялық қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

2012 жылы кәсіпорын 5-ші экологиялық кластағы мотор отынын өндіру үшін ШТҚ құрылысының екі кезеңінің жобасын іске асыруға кірісті. Жобаның мақсаты – К5 класындағы талаптарға сай келетін жоғары октанды бензиндерді өндіру және сату, ішкі нарықтағы мотор отынының өсіп келе жатқан тапшылығын төмендету және Қазақстан Республикасының батыс өңірінің Ресей Федерациясынан әкелінетін мотор отынының импортына тәуелділігін жою. Жобаны іске асыру мерзімі - 2015 жылдың екінші жартысы. Жоғары октанды бензиндердің жоспарлы шығарылуы – жылына 200 мың тоннадан астам.

Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Ішкі нарықтағы бәсекелестер мұнай өнімдерін өндіретін кәсіпорындар болып табылады, мысалы: Атырау, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары. Сыртқы нарықтағы бәсекелестері мұнай өнімдерін өндіретін барлық елдердің кәсіпорындары болып табылады.

Эмитент қызметінің Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық көрсеткіштермен және, егер бұл мүмкін болса, орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттамасы

Қоғамның өз қызметінің Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық көрсеткіштермен және орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттамасы жоқ.

Саланың болашақ дамуына және бұл саладағы эмитенттің жағдайына қатысты болжам

Экономикалық өсудің нәтижесінде соңғы жылдардың ішінде Қазақстан Республикасында бүкіл әлемдегіге ұқсас ұрдістер қалыптасуда – тұтыныстың өсуі және тұтынылатын мұнай өнімдерінің ассортиментіндегі өзгерістер, отынның сапасына қойылатын талаптардың жоғарылауы, экологиялық талаптардың қатандануы.

Республпкада автопарктің көлемі жыл сайын 1,2 есе ұлғайып келеді. Автопарк құрылымында неғұрлым үлкен бөлігін жеңіл автокөлік алып жатыр, оның үлесі 83%-дан асады ("DAMU RESEARCH GROUP" Агенттігінің маркетингтік және социологиялық зерттеулері).

Мұнай және ғаз министрлігінің БДБ деректері бойынша ҚР-да өндірілетін отын көлемі елдің сұранысын жабу үшін жеткіліксіз. Отандық өндірушілер ішкі сұранысты көлемі бойынша да, жекелеген сегменттер бойынша да қанағаттандырмайды.

Шикізатты өңдеу тереңдігін ұлғайту және 5-ші экологиялық кластың талаптарына сәйкес келетін шығарылатын өнімнің сапасын көтеру Қазақстан Республпкасының ішкі нарығының жоғары сапалы өніммен қамтамасыз етілуін ұлғайтуға мүмкіндік береді, отандық кәсіпорынның мұнай өнімдері нарығындағы таяу және алыс шетелдегі басқа мұнай компанияларымен бәсекелесуіне мүмкіндік береді.

Қазақстанда отынға сұраныс өндірілетін көлемдермен жабылмайды, мұны Ресей Федерациясынан үлкен импорттың болуы көрсетіп отыр. 2012 жылдан бастап РФ ҚР-на мотор отынын жеткізуге шектеу енгізді. Импортты шектеу Республпкада отынның қымбаттауына және болмай қоймайтын тапшылыққа алып келеді. Импорттық жеткізулердің үлесіне елде тұтынылатын бүкіл жоғары октанды бензиннің 30-40% келеді. Қазақстанның мұнай өнімдерінің ішкі нарығының импортқа тәуелділігінің жоғары деңгейі Республиканың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір қауіп төндіреді және ресейлік отынға бағаның жоғары болуына байланысты инфляциялық процестердің даму факторларының бірі болып табылады.

Батыс Қазақстан Республпкасының аумағы Ресейге отын экспорттау үшін ұтымды орналасқан – ол ресейдің бес облысымен шекараласады (Оренбург, Самара, Саратов, Волгоград, Астрахань облыстары). Бұл артықшылықты Республиканың үш ірі МОЗ (Атырау, Павлодар, Шымкент) жаңғырту аяқталғаннан кейін Қазақстанның ішкі нарығын мотор майларымен толықтыру кезінде пайдалануға болады.

Мұнай өңдеу өнеркәсібі және оның негізінде мұнай химиясы өнеркәсібін дамыту Қазақстан Республпкасының дамуының неғұрлым басым бағыттары және тұтастай ел экономикасының елеулі құрамдық бөлігі болып табылатынын ескере отырып, қоғамның қызметі және шикізатты өңдеу көлемі мен тереңдігін ұлғайтуға мүмкіндік беретін өңдеуші зауыттың екінші кезегінің құрылысы жобасын іске асырудың басталуы перспективалы болып табылады.

24. Эмитент жасаған, кейіннен эмитенттің қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін келісімшарттар, келісімдер туралы мәліметтер

Эмитенттің кейіннен өз қызметіне жағымсыз ықпал етуі мүмкін жасалған келісімшарттары жоқ.

25. Эмитент өз қызметін жүзеге асыру үшін алған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер

Лицензиялар:

– Уларды өндіруге, өңдеуге, сатып алуға, сақтауға, сатуға, пайдалануға, жоюға арналған №13010479 мемлекеттік лицензия. 2013 жылғы 01 шілдеде Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті берді;

– Магистральды ғаз құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын іске пайдалануға арналған № 000101-09 мемлекеттік лицензия. 2012 жылғы 07 наурызда Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі Департаменті берді. Лицензия бас лицензия болып табылады;

– Медициналық қызметпен айналысуға арналған №ЛП 00493DL мемлекеттік лицензия. 2010 жылғы 24 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Департаменті берді. ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 7 қарашадағы қаулысына сәйкес медициналық қызметке лицензия қолданыс мерзімі шектелмей беріледі.

– Ескірткі заттарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналысы саласындағы қызметпен айналысуға арналған № 481/10 мемлекеттік лицензия. 2010 жылғы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ескірткі бизнесімен күрес және есірткінің айналымын бақылау жөніндегі комитеті 2015 жылғы 15 қыркүйекке дейінге қолданыс мерзімімен берді;

– Жобалау қызметімен айналысуға арналған №4753 мемлекеттік лицензия. 2001 жылғы 11 мамырда Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі агенттігі берді. Лицензия бас лицензия болып табылады;

– Медициналық қызметпен айналысуға арналған №331DL мемлекеттік лицензия. 2009 жылғы 19 ақпанда Батыс Қазақстан облысының Денсаулық сақтау басқармасы берді. Лицензия тұрақты болып табылады.

Рұқсаттар:

– Жылжымалы РЭҚ (радиоэлектрондық құралдар) іске пайдалануға құқығына №№2/33-926/799, 2/33-926/800, 2/33-926/801, №2/33-926/802, 2/33-926/803, 2/33-926/804, 2/33-926/805, 2/33-926/806, 2/33-926/807, 2/33-926/808 рұқсаттар. 2013 жылғы 02 шілдеде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Байланыс және ақпараттандыру комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Байланыс және ақпараттандыру инспекциясы 2014 жылғы 25 наурызға дейінгі қолданыс мерзімімен берді;

– қоршаған ортаға эмиссияға арналған № 0000131 рұқсат. 2013 жылғы 20 наурызда ҚР ҚОҚМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қолданыс мерзімімен берді;

– арнайы су пайдалануға №17-13-04-22/172 рұқсат. 2013 жылғы 24 желтоқсанда РГУ "ҚР ҚОҚМ Су ресурстары жөніндегі комитетінің Орал-Каспий су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциясы" 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қолданыс мерзімімен берді.

26. Соңғы екі жылдың ішінде өткізілген өнімдердің көлемдері

р/с №	Өнімнің атауы	2012 жыл (тонна)	2013 жыл (тонна)
1	Газойлдық тік айырылатын фракция	39 800,0	50 022,9
2	Ауыр дистиллятты отын	262 941,6	391 866,0
3	Атмосфералық айыру қалдығы	15 485,4	36 323,9

Жиыны	318 227,0	478 212,8
-------	-----------	-----------

Соңғы екі жылдың ішінде эмитенттің өткізілген өнімдерінің көлемдеріндегі өзгерістерді талдау

2013 жылы өткізу көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін факторларды көрсету керек.

Шикізаттың – тұрақты емес газ конденсатының (ТГК) КПО б.в.-ден ("КарачаганакПетролеумОперейтинг Б. В.") жеткізілу көлемдерінің төмендеуіне байланысты 2012 жылы эмитент жабдықтарды жаңғыртумен, құю-толтыру терминалын қайта құрумен байланысты бірқатар шараларды орындады. Бұл шаралардың мақсаты ТГК-нан басқа шикізаттың баламалы көздерін қабылдау және өңдеуге тарту мүмкіндігін табу болды. Жүргізілген жұмыс оң нәтижелер берді және шикізат көздерін сараландыруға, "бір көзден жеткізу" схемасынан бас тартуға және дайын өнімдерді өткізу бойынша орташа көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. 2013 жылы дайын өнімді өткізу бойынша көрсеткіш баламалы шикізат көздерінің ауқымын кеңейту есебінен біршама дәрежеде жақсартылды.

27. Эмитенттің қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) сату табыстылығына жағымды және жағымсыз әсер ететін факторлар

Сатулардың табыстылығына жағымды ықпал ететін факторлар:	Сатулардың табыстылығына жағымсыз ықпал ететін факторлар:
1. Халықаралық нарықта көмірсутек шикізатына бағалардың жоғарылауы; 2. Республикада экономикалық деңгейдің және саяси тұрақтылықтың жоғарылауы; 3. Сатылатын өнімдердің ассортиментін кеңейту есебінен тұтынушылардың сұраныстары мен сауалдарының неғұрлым кең ауқымын қанағаттандыру; 4. Өндірістік инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу.	1. Энергия көздеріне тарифтердің жоғарылауы; 2. Мемлекеттің мұнай өнімдерінің экспортына және РФ-дан шикізат импортына әртүрлі шектеуші шаралардың ендірілуі.

28. Эмитенттің өз өнімдерін сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі

Барлық жеткізулердің жалпы көлемінің он және одан астам пайызы келетін жеткізушілер туралы мәліметтер

Жеткізушінің атауы	Орналасқан жері	Жеткізу көлеміндегі үлесі, %
"Нефтэк" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, ТЭО аумағы	23,9
"КазНефтеГазЭкспорт" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1	31,4
"УИКК "ФИНЭКО" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Орал қаласы, Жуков көшесі, 1, 310-офис	16,1
"EurasiaGasGroup" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алматы облысы, Есік қаласы, Жаманқараев көшесі, 113	13,9

Болашақта мемлекеттің тарапынан шектеу шаралары болмайтын жағдайда, бұл жеткізушілер болашақта қолжетімді болады.

Үлестеріне эмитент өнімдерін өткізуден түскен жалпы түсімнің он және одан астам пайызы келетін эмитенттің тұтынушылары туралы мәліметтер

Тұтынушының атауы	Өрналасқан жері	Өткізудің жалпы көлеміндегі үлесі
"Occidental Energy Logistics Ltd" Компаниясы	Dalton House, 60 Windsor Avenue, London, SW19 2RR	98,79%

Эмитенттің өнімдерін өткізуге ықпал етуі мүмкін жағымсыз факторлар

Эмитенттің өнімдерін өткізу көлемдеріне мұнайға және мұнай өнімдеріне бағаның қомақты өсуімен байланысты туындаған сұраныстың төмендеуі жағымсыз ықпал етуі мүмкін.

Эмитент аталған фактордың өз қызметіне ықпалының алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұдайы жүргізеді.

Кәсіпорынның коммерциялық қызметін Маркетинг жөніндегі директор басқаратын шикізаттарды жеткізу және өнімдерді сату бөлімі жүзеге асырады. Ай сайын мұнай өнімдерінің халықаралық және ішкі нарықтарына маркетингтік зерттеулер жүргізіледі, күн сайын мұнай өнімдерінің халықаралық және ішкі нарықтардағы бағаларына мониторинг жүргізіледі, сұраныс пен ұсыныс зерделенеді, бұлар өткізілетін өнімдерге баға белгілеудің икемді жүйесін қолдануға мүмкіндік береді.

Шикізаттарды жеткізушілермен және дайын өнімдерді сатып алушылармен ұзақ мерзімді әріптестік қатынастар, сондай-ақ шикізат жеткізуге және дайын өнімдерді сатуға ұзақ мерзімді сауда келісімшарттарының болуы кәсіпорынның коммерциялық қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

29. Эмитенттің қызметіне ықпал ететін шешуші факторлар

Эмитент қызметінің маусымдылығы

Эмитенттің қызметі маусымдық сипатта емес.

Эмитенттің қызметіндегі импорт пен экспорттың үлесі

Шикізаттың жалпы көлеміндегі импорттың үлесі – 0%.

Эмитент өткізетін өнімдердің жалпы көлеміндегі экспортқа өткізілетін өнімдердің үлесі – 98,7%.

Сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын жоспарлы мәмілелер туралы мәліметтер

Облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап 2012 жылғы 07 қыркүйекте жасалған №700860 шарттың шеңберінде VENTECH FABRICATION SERVICES LLC компаниясының кезекті аванстық төлемдер орындалуы тиіс. Шарттың мәні – көмірсутек шикізатын өңдеу үшін Модульдік тұрпаттағы қондырғыны жеткізу. 2014 жылдың тамызына дейін алдағы аванстық төлемдердің жалпы сомасы 17 474,45 мың АҚШ долларын құрайды.

Эмитенттің болашақ міндеттемелері туралы мәліметтер

Эмитенттің болашақ міндеттемелері, соның ішінде эмитенттің қызметіне жағымсыз ықпал етуі мүмкін өзге эмитенттердің міндеттемелері бойынша кепілдіктер жоқ.

Эмитенттің сот пронестеріне қатысуы туралы мәліметтер

Эмитент нәтижелері бойынша қызметтің тоқтатылуы немесе шектелуі, оған ақшалай және өзге міндеттемелердің жүктелуі мүмкін сот процестеріне қатыспайды.

Эмитент 2013 жылы сот процесіне қатысты, оның нәтижесінде **2011 жыл үшін 2 895 788 теңге мөлшерінде корпоративтік табыс салығының сомасын қосымша есептеу** міндеттемесі салынды:

БҚО бойынша Салық департаментінің Бөрлі ауданы бойынша Салық басқармасы 01.01.2008 ж. бастап 31.12.2011 ж. дейінгі кезең үшін салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу дұрыстығы және төлеу уақтылығы мәселесі бойынша эмитентке кешенді салық тексеруі жүргізілді.

11.06.2013 ж. №357 салықтық тексеру актісіне, 12.06.2013 ж. №000217 хаттамаға, 12.06.2013 ж. №000218 хаттамаға келесі әкімшілік құқық бұзушылықтар белгіленді:

- 2009 ж. үшін КТС-ын 334 872 теңге мөлшерінде төмендету,
- 2011 ж. үшін КТС-ын 2 895 788 теңге мөлшерінде төмендету.

Жоғарыда көрсетілген сомаларды қосымша есептеу бөлігінде 11.06.2013 ж. №357 хабарламаға БҚО Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шағымдалды;

БҚО Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 16.09.2013 ж. шешімімен эмитенттің арыздық талаптары ішінара қанағаттандырылды, 11.06.2013ж. №357 хабарлама заңсыз деп танылды және 2009ж. үшін КТС-ын 334 872 теңге мөлшерінде қосымша есептеу бөлігінде жойылды, арыздың қалған бөлігін қанағаттандырудан бас тартылды.

Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 11.12.2013 ж. қаулысымен БҚО МАЭС 16.09.2013ж. шешімі күшінде қалдырылды. Сөйтін, **Эмитентке 12.12.2013ж. 2 895 788 теңге мөлшерінде КТС сомасын қосымша есептеу міндеттемесі белгіленіп, ол 31.12.2013 ж. орындалды.**

Эмитент заңда белгіленген мерзімде кассациялық шағым беру жоспарланып отыр.

Әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер

Санкцияны қолдану мерзімі	Санкцияны қолданған орган	Жауапкершілікке тартылған тұлға	Санкцияның негізі, себептері	Санкцияның түрі	Санкцияның мөлшері, теңге	Орындалу дәрежесі
01.07.2013	Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының Мамандандырылған әкімшілік соты	Эмитент	ҚР ӘҚБтК 209-бабының 1-бөлігі, 2008ж. үшін КТС-ын 1 174 315 теңге сомаға төмендету	Айыппұл	587 158	Орындалды, 10.07.2013
01.07.2013	Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының Мамандандырылған әкімшілік соты	Эмитент	ҚР ӘҚБтК 209-бабының 1-бөлігі, 2009ж. үшін КТС-ын 1 388 417 теңге сомаға төмендету	Айыппұл	669 209	Орындалды, 10.07.2013
01.07.2013	Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының Мамандандырылған әкімшілік соты	Эмитент	ҚР ӘҚБтК 209-бабының 1-бөлігі, 2010ж. үшін КТС-ын 464 453 теңге сомаға	Айыппұл	232 227	Орындалды, 10.07.2013

Тәуекел факторлары

Валюталық тәуекелдер

Өткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі экспорттың үлесі 98,7% құрайтындықтан, валюталық тәуекелдер жоқ. Қазақстан Республикасының ішкі нарығына өнімдерді жеткізуді жоспарлаған кезде валюталық тәуекелді барынша төмендету мақсатында эмитент валюталық бағамның мүмкін өзгерістерін ескеретін теңдестірілген сауда саясатын жүргізуді көздейді.

Әлеуметтік тәуекелдер

Эмитент әлеуметтік және кадрлық саясатты дамытуға үлкен көңіл бөледі. Кәсіпорынның дирекциясы персоналды оқытуға айрықша көңіл бөледі. Директорлар кеңесі бекіткен жоспар кадрлар даярлауды, кәсіби қайта даярлауды, басшылардың, мамандардың біліктілігін көтеруді және кадрлар резервін қарастырады. Бұл үшін Қазақстандағы, Ресейдегі ЖОО-ы және инженерлік-техникалық құрамның біліктілігін көтеру жөніндегі жұмыс істейтін орталықтар пайдаланылады. Персоналды оқыту сондай-ақ тікелей кәсіпорында өткізіледі – жаттықтырушылар шақырылады. Тәлімгерлік жүйесі жұмыс істейді.

Эмитент әрбір адамның тиімді еңбегі, ортақ іске қосқан үлесі лайықты бағаланатынын басшылыққа ала отырып, қызметкерлерді ынталандыру жөніндегі кешенді шаралар белсенді қолданылады. Осыған байланысты эмитент оның қызметіне қандай да бір жағымсыз ықпал етуі мүмкін әлеуметтік факторлардың ықпалын сезінбейді.

Техникалық тәуекелдер

Эмитенттің негізгі қызметін іске асыру барысында өрттердің және өндірістік сипаттағы техникалық бұзылулардың тәуекелі бар. Мұндай жағдайларды ескерту және алдын алу үшін эмитент өндірістің осы саласындағы негізгі ережелердің, жұмыс нормативтерінің тізбесін сақтайды. Өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтауға айрықша көңіл бөлінеді.

Экологиялық тәуекелдер

Эмитенттің өндірістік қызметінің экологияға ықпалымен байланысты мүмкін жағымсыз салдарларды төмендету мақсатында кәсіпорынды қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі жобалардан басқа эмитенттің жоспарлары Ақсай қаласындағы экологиялық жағдайды жақсартумен байланысты болады. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалар ендірілді: буларды рекуперациялау жүйесі; ағынды суларды биологиялық тазалау; өнеркәсіптік ағынды суларды бейтараптандыру және термиялық зарарсындандыру торабы; желдету және тұрақтандыру ғаздарын кәдеге жарату.

Кәсіпорында сапа менеджменті жүйесі ендірілген және жұмыс істейді. Мұнай өнімдерін өндіру және сату саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес сертификаттары алынды:

- сапа менеджменті жүйесі,
- экологиялық менеджмент жүйесі,
- кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйесі.

V. ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан астам пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері

Материалдық емес активтердің түрлері	Баланстық құны, теңге	Үлестік салмағы, %
"Kaspersky Endpoint Security for Business - Select" вирусқа қарсы бағдарлама	891 071,43	8,03%
"Office Std 2010 Rus OLP NL" бағдарламалық жасақтамасы	804 107,12	7,25%
"Office Std 2013 Rus OLP NL" бағдарламалық жасақтамасы	1 076 273,36	9,70%
"Office Pro Plus 2013 SNGL OLP NL" бағдарламалық жасақтамасы	635 584,48	5,73%
"Модуль Сервер Мониторинга Wialon Pro"	1 194 444,42	10,77%
"In Touch Runtime 60K Tag with I/O" бағдарламалық жасақтамасы	1 117 078,63	10,07%
Жиыны	5 718 559,44	51,56%

31. Баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан астам пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері

Негізгі құралдардың түрлері	Баланстық құны, теңге	Үлестік салмағы, %
Аралас қондырғы, аралық парк, технологиялық сорғы.	1 390 095 063,79	20,61%

32. Эмитенттің инвестициялар құрылымы

Эмитенттің басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялары, ұзақ мерзімді инвестициялары және инвестициялық портфелі жоқ.

33. Дебиторлық берешек (эмитенттің алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан астам молшеріндегі дебиторлық берешегі бар ұйымдар)

Дебитордың атауы	Берешек сомасы, мың теңге	Эмитенттің дебиторлық берешегіндегі үлесі
Occidental Energy Logistics Ltd (Ұлыбритания)	10 454 344	93,0%

34. Эмитент міндеттемесінің қамсыздандыруы болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға берілген оның активтері туралы мәліметтер

Эмитентте оның міндеттемелерінің қамсыздандыруы болып табылатын немесе сенімгерлік басқаруға берілген активтердің жалпы көлемінің кем дегенде он пайызын құрайтын активтері жоқ.

35. Эмитенттің жарғылық капиталы және меншікті капиталы

Жарғылық капитал - 46 000 000 теңге.

Меншікті капитал – 30 610 451 000 теңге.

36. Заемдар

Эмитент пен "Қазақстанның халық жинақ банкі" Акционерлік қоғамы арасында жасалған Несие желісін беру туралы 01.04.2013 ж. №KS 02-13-10 Келісімге сәйкес эмитент үшін аталған

банкте мотор отындарының өндірісі үшін ШТҚ 2-ші кезегінің құрылысымен байланысты шығыстарға несие желісі ашылды. Несие желісінің мөлшері - 130 млн. АҚШ доллары. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл несие желісін эмитент аспады және бұл несие желісінің шеңберінде қолданыстағы заемдары жоқ.

Несие желісін беру туралы келісімнің талаптарына сәйкес несие желісінің шеңберінде заемдар бойынша сыйақының мөлшерлемесі: АҚШ долларымен 9%, теңгемен 11%-ды құрайды.

Несие желісі бойынша кепіл болашақта түсетін жабдық, сондай-ақ ШТҚ кешенінің жылжымалы және жылжымайтын мүлкі болып табылады. 2014 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша несие желісінің шеңберінде заемдардың болмауына байланысты кепілдер ресімделмеді.

37. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруымен байланысты кредиторлық берешегі (эмитенттің алдында кредиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан астам мөлшеріндегі кредиторлық берешегі бар ұйымдар)

Кредитордың атауы	Берешек сомасы, мың теңге	Эмитенттің кредиторлық берешегінің сомасы
"КазНефтеГазЭкспорт" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы)	873 303	66,8%
Акция ұстаушылары	163 275	12,5%
"Нефтэк" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Орал қаласы)	71 300	5,5%

38. Соңғы үш қаржылық жылдың әрқайсысы үшін эмитенттің таза табысы

2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
6 889 754 мың теңге	2 791 922 мың теңге	3 860 576 мың теңге

39. Левередж

	01.01.2011	01.01.2012	01.01.2013	01.01.2014	31.03.2014
Міндеттемелер	1 466 574	1 032 328	2 339 119	1 698 734	1 954 401
Меншікті капитал	16 384 302	22 469 056	24 455 978	27 511 554	30 610 451
Левередж	0,09	0,05	0,10	0,06	0,06

40. Ақша қаражаттарының таза ағындары

	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
Ақша қаражаттарының таза ағындары	162 732 мың теңге	4 965 107 мың теңге	- 3 852 949 мың теңге

VI. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

41. Эмитенттің бағалы қағаздарының тіркелген шығарулары туралы мәліметтер

31.03.2014 ж. жағдай бойынша эмитенттің айналысында эмитенттің жай акциялары ғана бар. Уәкілетті орган тіркеген және айналыста жүрген бағалы қағаздардың өзге түрлері жоқ.

2011 жылы өтелген эмитенттің облигациялары туралы мәліметтер

Бағалы қағаздардың түрі	Қамсыздандырусыз купондық облигациялар
Жалпы саны	3 000 000 дана
Номинал құны	1000 теңге
Орналатырылған облигациялар саны	3 000 000 дана
Орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі	2 952 155 155,80 теңге
Негізгі қарыздың сомасы	3 000 000 000,00 теңге
Есептелген және төленген сыйақының сомасы	772 746 072,00 теңге есептелді және төленді
Сатып алынған облигациялардың саны және сатып алу күні	2009 жылғы 29 шілде - 237 840 дана 2009 жылғы 29 шілде - 693 880 дана 2010 жылғы 04 ақпан - 157 500 дана 2011 жылғы 03 қараша - 8 100 дана 2011 жылғы 17 қараша - 8 100 дана 2011 жылғы 30 қараша - 8 000 дана
Шығаруды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган	Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
Мемлекеттік тіркеу нөмірі	C19, ҰСН KZ2C0Y05C192
Мемлекеттік тіркеу күні	2006 жылғы 05 қыркүйек

Эмитенттің акциялары туралы мәліметтер

Бағалы қағаздардың түрлері	Жай акциялар
Жалпы саны	4 600 000 дана
Құрылтайшылар төлеген акциялардың номинал құны	10 теңге
Акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы	46 000 000 теңге
Айналыста жүрген акциялардың саны	4 600 000 дана
Сатып алынған акциялардың саны	Сатып алу жүргізілмеді

Соңғы күнге сатып алу бағасы	Сатып алу жүргізілмеді
Эмитенттің жай акцияларын тіркеуді жүзеге асырған орган	Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
Мемлекеттік тіркеу нөмірі	A5234, ҰСН KZ1C52340011
Шығаруды мемлекеттік тіркеу күні	2005 жылғы 23 ақпан

Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер: облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлеуді кешіктіру), артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (төлеуді кешіктіру), соның ішінде орындалмаған міндеттемелердің молшерлері және мұндайларды орындауды кешіктіру мерзімі туралы ақпарат:

31.03.2014 ж. жағдай бойынша эмитентте төленбеген дивидендтер бойынша 163 274 теңге мөлшеріндегі берешегі бар.

Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу жөніндегі берешек акционерлердің бір бөлігінің және/немесе олардың өкілдерінің келмеуімен және оларға есептелген дивидендтердің сомаларын аудару үшін олардың тарапынан деректемелердің берілмеуімен байланысты қалыптасты.

Егер бағалы қағазардың қандай да бір шығарылымы тоқтатыла тұрса немесе болмай қалды деп танылса не жойылса, осындай шешімді қабылдаған орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні корсетіледі:

Жоқ.

Әрбір тіркелген шығарылым бойынша сыйақыны төлеу күні, толенуге тиісті сомалар, сатып алу күні және әрбір шығарылым бойынша өтеу кезінде толенген сомалар

Күні	Төленуге жататын сома, теңге	Оның ішінде		Төленген сома, теңге
		Негізгі борышы, теңге	Купондық сыйақы, теңге	
14.06.07ж.	377 274 607,00	245 274 607,00	132 000 000,00	377 274 607,00
13.12.07ж.	377 274 607,00	256 066 690,00	121 207 917,00	377 274 607,00
16.06.08ж.	377 274 607,00	267 333 624,00	109 940 983,00	377 274 607,00
12.12.08ж.	377 274 607,00	279 096 304,00	98 178 303,00	377 274 607,00
16.06.09ж.	377 274 607,00	291 376 541,00	85 898 066,00	377 274 607,00
22.12.09ж.	260 103 174,72	209 721 598,87	50 381 575,85	260 103 174,72
18.06.10ж.	240 296 257,85	202 276 305,17	38 019 952,69	240 296 257,85
15.12.10ж.	240 296 257,85	211 176 463,00	29 119 794,86	240 296 257,85
16.06.11ж.	240 296 257,85	220 468 227,55	19 828 030,31	240 296 257,85
15.12.11ж.	237 525 910,62	227 253 746,08	9 999 164,53	237 525 910,62

Барлығы:				
-----------------	--	--	--	--

Сатып алу күндері: 2009 жылғы 29 шілде - 237 840 дана, 2009 жылғы 29 шілде - 693 880 дана, 2010 жылғы 04 ақпан - 157 500 дана, 2011 жылғы 03 қараша - 8 100 дана, 2011 жылғы 17 қараша - 8 100 дана, 2011 жылғы 30 қараша - 8 000 дана

Соңғы екі қаржылық жыл үшін бір акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері, есептелген дивидендтердің сомасын және төленген дивидендтердің сомасын корсетумен:

2011 және 2012 жылдар үшін бір жай акцияға шаққанда дивидендтің мөлшері 175 теңгені құрады.

Дивидендтер есептелген және төленген кезең	Есептелген дивидендтер	Төленген дивидендтер
2011 ж.	805 000, 00 мың теңге	700 325, 67 мың теңге
2012 ж.	805 000, 00 мың теңге	662 575, 76 мың теңге

Эмитент акционерлердің бір бөлігінің және/немесе олардың өкілдерінің келмеуі және төлемді жүзеге асыру үшін деректемелердің берілмеуімен байланысты дивидендтерді түгелдей төлемеді.

Эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда жүзеге асырылатын негізгі нарықтар:

Эмитенттің 2011 жылы өтелген облигациялары "Қазақстан қор биржасы" Акционерлік қоғамының ресми тізімінде айналды және ұйымдастырылған нарықта айналды. Эмитенттің акциялары ұйымдастырылмаған нарықта айналады.

VII. ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

42. Облигациялар шығару туралы мәліметтер

- облигациялар түрі:** қамсыздандырыусыз купондық облигациялар. Номинал құны немесе сыйақы мөлшері индекстелмейді;
- шығарылатын облигациялар саны:** 5 000 000 (бес миллион) дана;
- облигацияларды номинал құны бойынша шығарудың жалпы көлемі:** 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге;
- бір облигацияның номинал құны:** 1 000 (бір мың) теңге;
- облигацияларды орналастыру басталған күн:** айнала бастаған күннен бастап.
- облигациялардың айналысы басталған күн:** "Қазақстанның қор биржасы" Акционерлік қоғамының ресми тізіміне енгізілген күні
- облигациялар бойынша сыйақы ставкасы:** облигациялар бойынша сыйақы ставкасы тұрақты және облигациялардың номинал құнынан жылдық 8,5% құрайды.
- сыйақы есептеу басталатын күн:** сыйақы есептеу олар айнала бастаған күннен басталады.
- сыйақы төлеудің кезеңділігі:** сыйақы төлеу жылына екі рет, атап айтқанда, облигациялар айнала бастаған күннен бастап әрбір алты ай сайын айналыстың бүкіл кезеңі ішінде жүзеге асырылады.
- сыйақы төлеу күні:** купондық сыйақыны төлеу төлем жүргізілетін купондық кезеңнің соңғы күнінен кейінгі он жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі. Сыйақыны төлеу мерзімдерін бұзған жағдайда, эмитент облигацияларды ұстаушыларға ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау келесі күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми

қайта қаржыландыру ставкасына орай есептелетін кешіктірудің әрбір күні үшін өсімпұл төлеуге міндетті;

- 11) **сыйақы төлеудің тәртібі және шарттары:** купондық сыйақыны төлеу ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын купондық кезеңнің соңғы күнінің басына жасалған облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен теңгемен жүргізіледі.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республкасының резидент емесі болса, купондық сыйақыны төлеу, егер купондық сыйақыны алуға құқығы бар адамдар тобын анықтау үшін қалыптастырылған облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде Қазақстан Республкасының аумағында ашылған банк шоты көрсетілген болса, теңгемен жүргізілетін болады. Егер облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде шетелдік банкте ашылған банк шоты көрсетілетін болса, теңгені шетелдік валютаға айырбастау осындай төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республкасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады. Теңгені шетелдік валютаға айырбастау облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізілетін болады.

- 12) **сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:** облигациялар бойынша купондық сыйақының есебін эмитент "Қазақстанның қор биржасы" Акционерлік қоғамының ішкі ережелеріне сәйкес 360/30 (жылына 360 күн/ айына 30 күн) уақыттық базасы есебінен жүргізіледі.

- 13) **облигациялардың айналу мерзімі:** облигациялар айнала бастаған күннен бастап 5 (бес) жыл.

- 14) **облигацияларды өтеу шарттары:** облигациялар теңгедегі номинал құны бойынша облигациялардың айналуының соңғы күнінен кейінгі он жұмыс күнінің ішінде соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеумен бірге өтеледі. Төлеу облигациялардың айналуының соңғы күнінің басына тіркелген облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген облигацияларды ұстаушыларға жүргізіледі.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республкасының резидент емесі болса, соңғы купондық кезең үшін номинал құнды және купондық сыйақыны төлеу, егер купондық сыйақыны алуға құқығы бар адамдар тобын анықтау үшін қалыптастырылған облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде Қазақстан Республкасының аумағында ашылған банк шоты көрсетілген болса, жүргізілетін болады. Егер облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде шетелдік банкте ашылған банк шоты көрсетілетін болса, теңгені шетелдік валютаға айырбастау осындай төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республкасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады. Теңгені шетелдік валютаға айырбастау облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізілетін болады.

Соңғы купондық кезең үшін номинал құнды және купондық сыйақыны төлеу мерзімдерін бұзған жағдайда, эмитент облигацияларды ұстаушыларға ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау келесі күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасына орай есептелетін кешіктірудің әрбір күні үшін өсімпұл төлеуге міндетті.

облигацияларды өтеу жүргізілетін жер: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, М.Б. Иксанов көшесі, 172

- 15) **облигацияларды өтеу тәсілі:** Облигациялар айналуының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны облигациялар айналысының соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарына ақша аудару жолымен төлеу арқылы теңгедегі номинал құны бойынша өтеледі.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резидент емесі болса, соңғы купондық кезең үшін өтеу және купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында ашылған банк шоты бар болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Теңгені шетелдік валютаға айырбастау инвестордан тиісті сұрау алынған кезде осындай төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады. Теңгені шетелдік валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізілетін болады.

- 16) **облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі:** облигацияларды орналастыру кезінде "Қазақстанның қор биржасы" АҚ ішкі ережелеріне сәйкес қолма-қол ақшасыз ғана тәсілмен төленеді.

43. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер

Атауы: "BCC Invest" Акционерлік қоғамы - "БанкЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 100.

Байланыс деректері: +7 (727) 244-32-32, 244-32-31 (факс), www.bcc-invest.kz, info@bcc-invest.kz.

Атқарушы органы:

Басқарма Төрағасы	Каламхатов Нурлан Базарбаевич
Басқарма Төрағасының орынбасары	Кышпанакое Виктор Алексеевич
Басқарма Төрағасының орынбасары	Дронин Александр Владимирович

44. Облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі

Тіркеушінің атауы: "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" Акционерлік қоғамы.

Тіркеушінің орналасқан жері: 050000 Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 141-үй (Құрманғазы көшесімен қиылысы).

Тіркеушінің телефондарының нөмірлері: 8 (727) 272-47-60, факс 8 (727) 272-47-60, ішкі 230.

Эмитент пен тіркеуші арасында жасалған шарттың күні мен нөмірі: Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі 2014 жылғы 01 қаңтардағы №968 шарт.

45. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы мәліметтер

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі қарастырылмайды.

46. Облигацияларды сатып алу тәртібі

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша эмитент өзінің облигацияларын ұйымдастырылған нарықта Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде сатып алуға және сатуға құқылы. Мәміленің мерзімі мен бағасы мәмілені жасау кезінде қалыптасқан нарықтық жағдайларға орай анықталады. Ақша төлеу немесе алу бұл облигацияларды сатушының шотына ақша аудару жолымен қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды эмитентке сату міндеттемесі болып табылмайды және облигацияларды ұстаушылардың құқығын бұзуға алып келуге тиіс емес.

Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және эмитент қайтадан сата алады.

Эмитенттің облигацияларды міндетті сатып алуын эмитент "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4-бабында көзделген жағдайларда, сондай-ақ осы проспектінің 50 тармағында көрсетілген дефолт оқиғаларының бірі басталған және/ немесе проспектінің 56 тармағында көрсетілген шектеулері (ковенанттары) бұзуы жағдайда жүргізуі тиіс.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4-бабында көзделген жағдайлар, сондай-ақ, осы проспектінің 50 тармағында көрсеткен дефолт оқиғаларының бірі басталған және/ немесе проспектінің 56 тармағының 5 және 6 тармақшасында көрсеткен шектеулерді (ковенанттарды) кез келген бұзуы жағдайлар басталған кезде жиналған сыйақыны ескере отырып, эмитент орналастырылған облигацияларды олардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен не қай шамасы үлкен болып табылатындығына қарай облигациялардың әділетті нарықтық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Осы проспектінің 56 тармағының 1 – 4 тармақшасында көрсеткен шектеулерді (ковенанттарды) кез келген бұзуы басталған кезде жиналған сыйақыны ескере отырып, эмитент орналастырылған облигацияларды номинал құны бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімдердің ішінде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай мерзімді көрсету болмаған жағдайда – эмитентте облигацияларды сатып алу жөніндегі міндеттеме туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде эмитент облигацияларды сатып алудың себебі болған оқиғалардың басталуы туралы облигацияларды ұстаушылардың өкілдерінің және "Қазақстанның қор биржасы" АҚ атына мынадай ақпаратты жіберу және кейіннен осы тұлғалардың ресми сайттарына орналастыру жолымен хабарландырады:

- эмитенттің облигацияларды сатып алуына алып келген оқиғаның сипаты;
- сатып алуды талап етумен эмитентке жүгінудің тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін әрекеттерінің тізбесі;
- эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

47. Эмитенттің қаржылық консультанты туралы мәліметтер

Атауы: "БТА Банк" акционерлік қоғамының "БТА Секьюритис" еншілес ұйымы" Акционерлік қоғамы.

Орналасқан жері: 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Хусаинов көшесі, 281, "Гранит" бизнес орталығы.

Байланыс деректері: 8 (727) 393-73-01, 393-73-93; факс 8 (727) 393-73-94; info@btas.kz, a_jumadilova@btas.kz; www.btas.kz.

Бірінші басшының Т.А.Ә.: Басқарма Төрағасының м. а. Соколов Виталий Александрович.

48. Облигация оның ұстаушысына берілетін құқықтар

- 1) осы проспектімен көзделген тәртіппен және мерзімде номинал құнды және купондық сыйақыны алу құқығы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген көлемде және тәртіппен эмитенттің қызметі туралы ақпарат алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

- 4) осы проспектімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда ұстаушыға тиесілі облигациялардың бір бөлігін немесе барлығын эмитенттің сатып алуына ұсыну құқығы;
- 5) облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.

49. Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларды өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпараттың мазмұнын, бұл ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдері мен тәсілін ашу тәсілін корсетумен хабарландыру, соның ішінде облигациялар шығару проспектісімен көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу туралы хабарландыру тәртібі

Эмитенттің қызметі туралы мәліметтер осы проспектінің 43-тармағында көрсетілген эмитенттің (www.condensat.kz), облигацияларды ұстаушылардың өкілінің ресми сайтында, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми сайттарында жарияланатын болады.

50. Дефолт оқиғалары

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт оқиғаларына мыналар жатқызылады:

эмитенттің купондық сыйақыны және/немесе облигациялар бойынша номинал құнын сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлеудің проспектімен белгіленген мерзімі аяқталған күннен кейінгі он жұмыс күнінің ішінде төлемеуі немесе толық емес төлеуі.

Дефолт оқиғалары басталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімнің ішінде, ал мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілмеген кезде – дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде эмитент мұндай факті жөнінде облигацияларды ұстаушылардың өкілдерінің және "Қазақстанның қор биржасы" АҚ атына мынадай ақпаратты жіберу және кейіннен осы тұлғалардың ресми сайттарына орналастыру жолымен хабарландырады:

- дефолттың басталуы туралы ақпарат;
- дефолт күніне эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- міндеттемелердің орындалмауының себептері;
- эмитентке талаппен жүгінудің тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін әрекеттері;
- эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Дефолт оқиғалары басталған кезде эмитент дефолт оқиғаларын тудырған себептерді жою жөніндегі шаралардың жоспарын жасайды және бекітеді.

Егер бір немесе барлық дефлот оқиғалары облигациялардың айналыс кезеңінің ішінде басталған болса, эмитент осындай оқиғалар басталған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күнінің ішінде дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға міндетті. Егер көрсетілген мерзімде мұндай себептер жойылмаған болса, эмитенттің облигацияларын ұстаушылар 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талапты қою арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың ең болмағанда біреуін алғаннан кейін эмитент осындай талапты алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін болуы тиіс сатып алу күнін белгілейді, және облигацияларды ұстаушыларды облигацияларды алдағы сатып алудың күні туралы облигацияларды ұстаушылардың өкілдерінің және "Қазақстанның қор биржасы" АҚ атына бұл ақпаратты жіберу және кейіннен олардың ресми сайттарына орналастыру жолымен хабарландырады.

Эмитент дефолт оқиғаларының басталуына байланысты өз міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізген жағдайда, қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылатын болады.

51. Опциондар туралы ақпарат

Облигациялардың осы шығарылымы бойынша опциондар шығарылмады.

52. "Қазақстанның қор биржасы" Акционерлік қоғамының листинг комиссиясының қосымша шектеулерге қатысты ұсыныстары

"Қазақстанның қор биржасы" АҚ-ның Листингтік комиссияның ұсынымдары осы проспектінің 56-тармағында ескерткен.

53. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңінің бөлігінде сыйақы төлеу және негізгі борыштың сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражаттарының көздері мен ағындарының болжамы

Көрсеткіштер	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Ағымдағы қызметтер түсулер (түсім)	48 452 980	48 452 980	73 409 480	73 409 480	73 409 480	73 409 480
Шикізатты қоса алғанда, операциялық шығыстар	-41 955 040	-41 955 040	-61 564 485	-61 600 375	-61 635 710	-61 671 230
Амортизация	960 335	960 335	2 418 135	2 418 135	2 418 135	2 418 135
Корпорациялық табыс салығы	-992 710	-670 440	-655 825	-959 225	-1 200 465	-1 714 210
Операциялық қызметтен кэш-фло	6 465 565	6 787 835	13 607 305	13 268 015	12 991 440	12 442 175
Инвестициялық қызметтен кэш-фло	-21 367 500	-7 202 050				
Облигацияларды орналастыру	32 750 000					
<i>Қазақстандық шығару</i>	<i>5 000 000</i>					
<i>Еврооблигациялар</i>	<i>27 750 000</i>					
Облигациялық заемдарға қызмет ету шығыстары (8,5 %)	-1 610 980	-3 221 960	-3 221 960	-3 221 960	-3 221 960	-1 610 980
Облигациялық заемды өтеу						-32 750 000
<i>Қазақстандық шығару</i>						<i>-5 000 000</i>
<i>Еврооблигациялар</i>						<i>-27 750 000</i>
Қаржылық қызметтен кэш-фло	31 139 020	-3 221 960	-3 221 960	-3 221 960	-3 221 960	-34 360 980
Таза ақша ағыны	16 237 085	-3 636 175	10 385 345	10 046 055	9 769 480	-21 918 805
Кезеңнің басындағы ақша қаражаттарының қалдығы	3 239 295	19 476 380	15 840 205	26 225 550	36 271 605	46 041 085
Кезеңнің соңындағы ақша қаражаттарының қалдығы	19 476 380	15 840 205	26 225 550	36 271 605	46 041 085	24 122 280

54. Облигацияларды айырбастау туралы мәліметтер

Облигация айырбасталатын болып табылмайды.

55. Облигацияларды орналастыру тәсілі

Облигациялар ұйымдастырылған нарықта олардың айналуының бүкіл кезеңі ішінде орналастырылатын болады.

Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар:

Атауы: "БТА Банк" акционерлік қоғамының "БТА Секьюритис" еншілес ұйымы" Акционерлік қоғамы

Орналасқан жері: 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Хусаинов көшесі, 281, "Гранит" бизнес орталығы.

Байланыс деректері: 8 (727) 393-73-01, 393-73-93; факс 8 (727) 393-73-94; info@btas.kz, a_jumadilova@btas.kz; www.btas.kz.

Бірінші басшының Т.А.Ә.: Басқарма Төрағасының м. а. Соколов Виталий Александрович.

Негіздеме: Қаржылық қызметтерді көрсету туралы 2014 жылғы 06 ақпандағы №01/1-02-14 келісім.

56. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)

Бұл облигациялардың шығарылым проспектісімен белгіленген облигациялардың айналыс мерзімінің ішінде эмитент келесі шарттарды сақтауға міндетті:

- 1) эмитент активтерінің құрамына кіретін мүліктерді иеліктен шығару күні эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иеліктен шығармау;
- 2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні осы эмитенттің активтерінің жалпы құнының он пайызынан астам эмитенттің облигациялар шығаруымен байланысты емес міндеттемелерді орындамау фактілеріне жол бермеу;
- 3) эмитенттің құрылтай құжаттарына эмитенттің қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгертулер енгізбеу;
- 4) ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеу;
- 5) эмитент пен "Қазақстанның қор биржасы" АҚ арасында жасалған листинг шартымен белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін беру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- 6) эмитент пен "Қазақстанның қор биржасы" АҚ арасында жасалған листинг шартымен белгіленген эмитенттің облигациялары бойынша жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептерді тапсыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

57. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану

Құны 196,9 млн. АҚШ доллары тұратын "5-ші экологиялық кластағы мотор отынын өндіру үшін ШТҚ құрылысының екінші кезегінің 1-ші іске қосу кешені" жобасын іске асыру үшін ақша қаражаттарын тарту.

Бұл жобаның мақсаты:

- "Автомобиль және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштар үшін отын мен мазутқа қойылатын талаптар туралы" Кеден одағының 2011 жылғы 18 қазандағы № 013/2011 Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес жоғары октанды этильденбеген бензиндерді шығару.
- Дайын өнімнің ассортиментін ұлғайту және ашық мұнай өнімдерінің қосымша көлемдерін алу мақсатында көмірсутек шикізатын өндеуді тереңдету.

- Ішкі нарықтағы мотор отынының өсіп келе жатқан тапшылығын жабу және Қазақстан Республикасының батыс өңірінің Ресей Федерациясынан әкелінетін мотор отынының импортына тәуелділігін жою.

Жобаны іске асырудың нәтижесі эмитенттің "Ventech Fabrication Services LLC" компаниясы жобалаған, аз энергия тұтынатын, ең аз көлемдегі алаң және энергия көздерінің аз жеткізулері талап етілетін ықшам қондырғыларды іске пайдалануға енгізуі болып табылады. "Ventech Fabrication Services LLC" компаниясының (Пасадена қаласы, Техас штаты, АҚШ) іске асырылатын жобаға ұқсас объектіде жоспарлаудың, жобалаудың, әзірлеудің, жабдықтар мен материалдарды сатып алудың және құрылысын салудың 40 жылға жуық тәжірибесі бар.

Меншікті қаражаттардың есебінен, сондай-ақ әртүрлі бара-барлық та тартылатын заем қаражаттарының есебінен капиталдың қалыптастырылуын көздейтін аралас қаржыландыру нұсқасы қарастырылады.

Жобаны іске асыру үшін облигациялар шығару жоспарланады:

- бағалы қағаздардың қазақстандық нарығында – 5,0 млрд. теңге, 5 жыл мерзімге,
- бағалы қағаздардың халықаралық нарығында - 150 млн. АҚШ доллары, 5 жыл мерзімге.

Жобаға жоба құнының 20%-на дейінгі мөлшерінде акционерлердің өзіндік қаражаттарының қатысуы мүмкін, мұның өзі 39,4 млн. АҚШ долларын құрайды. Өзіндік қаражаттардың қатысуын шегергенде, несиелік қаржыландыру үшін алдын ала қажетті сома 157,5 млн. АҚШ долларын құрайды.

Жобаны іске асыру үшін облигациялық қаражаттар жетіспейтін жағдайда, "Қазақстан халық банкі" АҚ ашық несие желісінің пайдаланылуы мүмкін.

Құрылыс кезеңінде жұмыс істеп тұрған өндіріс жұмысын жалғастыратын болады, осыған байланысты құрылысты қаржыландыру көздері заем қаражаттары да, өзіндік қаражаттар да болады.

VIII. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

58. Айналыстағы облигацияларды шектеу

Облигациялар ұйымдастырылған нарықта тұлғалардың шектелмеген тобының ортасында орналастырылатын болады. Эмитент облигациялардың айналысына қатысты қандай да бір шектеулерді белгілмейді.

59. Облигациялар шығаруға эмитент шығындарының сомасы

Эмитенттің облигациялар шығарылымына шығындар сомасы 30 млн.теңгені құрайды және эмитенттің консультанттарымен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес эмитенттің өзіндік қаражаттарының есебінен төленетін болады.

60. Инвесторлар облигацияларды шығару және орналастыру туралы ақпарат жазылған құжаттармен таныса алатын жерлер туралы ақпарат

Инвесторлар эмитенттің жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығару проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен эмитенттің орналасқан жерінде таныса алады: 090301, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, М.Б.Иксанов көшесі, 172.

Эмитенттің қызметі туралы ақпарат (соның ішінде, бірақ шектелмей: акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама, онда дауыс берудің қорытындылары, Қоғамның ірі мәміле жасау туралы шешімі, жарияланған акцияларды орналастыру туралы ұсыныстар, дивидендтер төлеу туралы шешім) www.condensat.kz сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде жарияланады.

ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс ақпарат ҚР нормативтік-құқықтық актілерінде көрсетілген мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілінің ресми сайтында, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми сайттарында жариялануы тиіс.

Бас директор

А.З. Абзалилов

Бас бухгалтер

Т. Ш.Садретдинов



Прошито и пронумеровано
на 249 листах

Генеральный директор К.А. Абзалилов А.З.
Финансовый директор
главный бухгалтер Задретин Т.Ш



«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

20 14 ж. « 02 сәуір »